



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

19 сәуір
сенбі

№28 (2141)

2025 ЖЫЛ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

КЕЛЕШЕК КІЛТІ – ЭКОСАУАТТЫ ҰРПАҚТА

Көптеген елде білім беру жүйесіне экологиялық сауаттылықты енгізуге күш салуда. ЮНЕСКО сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, әлем елдерінің жартысынан көбінің ұлттық оқу бағдарламаларында климаттың өзгеруі туралы мүлде айтылмайды, небәрі 19%-ында ғана биоалуантүрлік мәселелері қамтылған. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ЮНЕСКО 2025 жылға қарай барлық елде экологиялық білімді оқу бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігіне айналдыруды мақсат етіп қойды. БҰҰ сарапшылары экологиялық тәрбие балаларға жасөспірім кезінен бастап берілсе, болашақта қоршаған ортаға жанашыр ұрпақ қалыптасатынын айтады. Бұл бастама – климат өзгерісі мен экологиялық дағдарыстарға бейімделуге қажет білім мен дағдыларды бүкіл әлем жастарына үйретуге бағытталған маңызды қадам.



Әлемнің кейбір елдері қазірдің өзінде экологиялық білім беруде үлгі боларлық тәжірибелер енгізіп отыр. Аргентина 2021 жылы Ұлттық кешенді экологиялық білім беру туралы заң қабылдап, мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары сыныптарға дейін экология негіздерін оқытуды міндеттеді. Бұған дейін бұл елде экологиялық тақырыптар технология немесе қоғамтану пәндерінде бөлшектеп ғана оқытылып келген еді. Камбоджа мектеп бағдарламасына климаттық өзгерістер тақырыбын интеграциялап, жоғары сыныптарда жанартылған «Жер туралы ғылым» курсына қосты. Теорияны тәжірибемен ұштастыру үшін 15 пилоттық мектепте оқушыларға ағаш отырғызу, «климатқа бейім ауыл шаруашылығы» сияқты жобаларды жүзеге асыруды тапсырды. Ұлыбритания бастауыш және орта мектептерінде климаттың өзгеруі жөніндегі тақырыптарды оқу бағдарламасына енгізген. Тіпті Ұлыбритания Үкіметі 2023 жылға қарай «климаттық өзгеріс бойынша әлемдегі ең озық білім беру жүйесін» қалыптастыруға уәде беріп отыр.

Сонымен бірге халықаралық деңгейдегі «Эко-мектептер» (Eco-Schools) бағдарламасы 100-ден астам елде жүзеге асуда. Бұл бағдарлама бойынша мектеп оқушылары теориядан тыс, өздері практикалық экологиялық жобаларға қатысып, мектеп ауласында бақ өсіру, энергия үнемдеу, қоқысты сұрыптау секілді бастамалармен айналысады. Финляндия, Швеция, Германия сынды елдерде экологиялық білім мектеп бағдарламасына терең сіңірілген: балаларға кішкентайынан табиғатқа ұқыпты қарау, энергияны үнемдеу дағдылары үйретіледі. ЮНЕСКО мәліметінше, қазіргі кезде 127 ел үкіметі оқу бағдарламаларына климат пен тұрақты даму тақырыптарын толық енгізуге ресми міндеттеме алған. Дегенмен көптеген мемлекетте экология пәні әлі қосымша күрсе деңгейінде ғана немесе жекелеген жобалар аясында іске асуда.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, экологиялық білім беруде заңнамалық міндеттеу (Аргентина үлгісі), жобалық-тәжірибелік әдіс (Камбоджа үлгісі) және мектептер желісі (Эко-мектептер) сынды кешенді шаралар тиімді нәтиже береді. ЮНЕСКО және БҰҰ алдағы жылдары әр елде экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған осындай озық тәжірибелерді таратуға шақырады.

4-БЕТТЕ

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Бүгінде Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналған. Соңғы 2 жылда мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында аймақтың тұрғын үй құрылысының өсу қарқыны рекордтық көрсеткішке жетті. Нәтижесінде аймақта халықтың әлеуметтік осал топтарында тұрғын үймен қамтамасыз ету республикада 2-ші орынға шықты. Мәселен,

2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілген. Ал өткен жылы бюджет есебінен және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 40,3 млрд теңгеге 2 500-ден астам пәтер табысталып, 10 мыңнан аса тұрғын баспанаға қол жеткізді.

2-БЕТТЕ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай жиын өтті. Қазақ тарихын зерттеп, тың деректерді жинақтап жүрген ғалымдар, зиялы қауым өкілдері осы жиында бас қосты.

ТАРИХҚА ТАҢБАЛАҒАН ҚАЛА АТАУЫН

Алғаш боп сөз алған қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев 15 сәуір қазақ тарихындағы елеулі күн екенін атап өтті. Осыдан түп-тура жүз жыл бұрын, 1925 жылы Ақмешіт қаласында Қазақ АКСР кеңестерінің V съезі басталды. Алашқа сауын айтылған осы жиында ұлтымыздың қазақ деген ұлық атын қайтару мен Ақмешіттің атын өзгерту мәселесі тұрды.

– Қаулыны жүзеге асыру мақсатында Қызылорда уездік қалалық атқару комитеті 1925 жылы 30 мамырда мемлекеттік мекемелерге, кооперативтік және басқа да ұйымдарға мөр, мөртабан, мекеме мандайшаларындағы атауын бір ай көлемінде «Қызылорда» деп өзгертуді міндеттеді. Қызылорда атауын съезде көпшілікке ұсынған ұлт мақтаншы Сұлтанбек Қожанов болса, оны ойлап тапқан жерлесіміз Қоңырқожа Қожықов деген деректер кездеседі. Тапқырлықпен табылған қала атауы әліге күнге дейін өзінің биігін аласартпай, жарқын жолынан жаңылған емес, – деді Айдын Қайруллаев.

Түркітілдес халықтарда «қызыл» сөзінің түп төркіні алтын сөзімен мәндес. Ал орда – казак сөзі. Империя үшін қызылдардың ордасы болса, сөздің байыбына барып, астарын ұғынғандар үшін алтын орда деген сөзбен мағыналас. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайман осы атауға ерекше тоқталды.

– Ұлт зиялылары қазақ халқының, түбі ортақ түркі тарихын жақсы білді. Съезде қылышынан қан тамып тұрған большевиктер мұның арғы мәніне бас ауыртпай, ұсынысты бірден қабылдады. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары тарихи «Ақмешіт» атауын қайтару туралы пікірлер болды. Дегенмен, «Қызылорда» атауы тарихпен біте қайнасып, ұлт жадында астана ретіндегі бейнесімен сақталғанын, мемлекеттік құрылым, ұлттық идея, тарихи сабақтастық ұғымдарымен де тығыз байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Қызылорда – қазақтардың өзі салған жалғыз қаласы, әрі астанасы, – деді ол.

2-БЕТТЕ

■ ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА...

Асхат САЙЛАУ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері:

«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАЛАНҒАН»



Тарих беттерінде әлі де ашылмаған парақтар бар. Оның қадіріне жетіп, зерделеу үшін алдымен ниет керек. Ниет болмаса, бәрі бекер. Ол кезде «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп», онтайлы сәтте екі ауыз сөзді айтып қалып, алдыңғы қатардан көрініп жүретін кей ғалымдардың әрекетімен пара-пар дүние шығады. Әрбір деректің астарынан ұлттық мүддені іздеп, қазақтың кешегі өткен күнінің шынайы бағасын беру керек деп жүрген ғалым Асхат Сайлаулы «ұлттың оянатын кезі келді» дейді. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкерімен әңгімеде құнды деректерге куә болдық.

3-БЕТТЕ

Қоғамдық кеңес халық үні бола ала ма?

Кеңесіп пішкен тон келте болмайтындай кез келген мәселені талқыға салып шешім шығаруда қоғамдық кеңестің маңызы ерек. Облыс әкімдігінің мәжіліс залында қоғамдық кеңестің бірінші отырысы өтті. Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов қатысқан шарада жаңадан сайланған қоғамдық кеңес мүшелеріне күзлік табысталды.



Қоғамдық кеңес құрамындағы жұмысшы топқа азаматтық қоғам қалыптастыруға үлес қосатын белсенділер тартылған. Кандидаттар арасынан жеке сұхбат арқылы іріктеліп алған кеңес мүшелері ішінде мемлекеттік қызметкерлер де бар. Жалпы құрамы 32 адамнан тұратын топта халықтың ортасында жүріп, ел мүддесін жеткізуге ықпал ететін, өзіндік пікірі бар тұлғалар жиналды.

Әлем экономикасы тұралап тұрған шақта Президент көрпеге қарай көсілуді тапсырған еді. Биылғы жаңа бюджет кодексінің негізге ала отырып жұмыс жүргіземіз деген Айнұр

Тұңғышбаева бұқаралық ақпарат құралдары атынан қоғамдық кеңеске мүше болды.

– Өткен жылы құқық саласында қызмет атқардым. Жаңа қоғамдық кеңесте бюджет саласы жүктелді. Мақсатымыз қаржының тиімсіз жұмсалуды болдырмау. Өткен жылы осындай кемшіліктер балабақша мен арт-спорт саласында байқалған еді. Бөлінген әрбір қаржы халық игілігіне жұмсалсын деген мақсатпен қадағалау жұмысын қатандатамыз, – дейді ол.

2-БЕТТЕ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Биыл халықты баспанамен қамту үшін 292 пәтер сатып алуға қаражат бөлінген. Оның ішінде наурыз айында Жаппасбай батыр көшесіндегі 60 пәтерлік тұрғын үй беріліп, одан бөлек апатты деп танылған 135 отбасы жаңа баспанаға ие болған еді.

Қазіргі уақытта қаланың сол жағалауында құрылыс қарқынды жүріп жатыр. БАҚ өкілдері құрылыс басына барып, ішкі және сыртқы жұмыстарымен танысты. Мұндағы 9, 7, және 5 қабатты тұрғын үйлердің құрылысы қарқынды. 5 қабатты жеті тұрғын үй 280 пәтерді құрайды. 64 пәтерлі 2 тоғызқабатты үйді жаз айларында аяқтау жоспарланған. Мердігер – «Мелиоратор» ЖШС. Құрылыс 2024 жылы басталған.

– Соңғы жылдары Сыр өңірінде тұрғын үй құрылысы қарқын алып, қала аумағы әлдеқайда кеңейді. Бұған дейін де мемлекеттік бағдарламалар аясында тапсырылатын үйлермен қатар жыл сайын баспанасы апаттық жағдайдағы тұрғындарға арналған үй құрылысы қатар жүргізіліп келеді. Қала бойынша биыл барлығы 400 пәтер ипотекалық тұрғын үйлерден, 1401 пәтер осал топтағы және 135 пәтер баспанасы апатты жағдайдағы тұрғындар үшін пайдалануға беріледі деген жоспар бар. Қажетті қаржы республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген. Құрылыс жұмысы өз деңгейінде жүргізілуде. Тұрғын үйлердің сапалы болуы жеті бақылауда. Соңғы үлгідегі құрылыс материалдарын қолдануды қадағалауымыз. Тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру үшін ішкі және сыртқы абаттандыру жұмыстарына мән бердік. Ауызсу, көріз су жүйелерімен толық қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта балалар ойын алаңы да салынады, – деді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жеңіс Файзуллаев.

Айта кетейік, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішінің бірі – тұрғын үй құрылысының көбеюі десек қателеспейміз. Сыр өңірінде мұқтаж отбасыларды, көпбалалы аналарды баспанамен қамту мәселесі қай кезде де назардан тыс қалған емес. Баянды бастамалар алдағы уақытта да ел әлеуетін көтеруге дөңкерте бола бермек.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ТӘРТІП БҰЗУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №522 Жарлығына сәйкес азаматтардың сұраныстарына ден қоюға көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсат болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша тиісті жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Осы жылдың 1-тоқсанының қорытындысымен 25 өтініш бойынша 9 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 2 қызмет алушының, сұрау салу арқылы 3 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 1 қызмет алушының құқы қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, қашықтықтан мониторинг жүргізумен анықталған бұзушылықтар бойынша сұрау салу арқылы 3 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Мәселен, биыл ақпан айында департаментке қызмет алушы 3.М.-дан қосымша жер учаскесін алу мәселесіне қатысты шағымды келіп түскен.

Қызмет алушы 3.М. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) 10-қосымшасына сәйкес «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің

1-кезеңі бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы Әкімдікке өтінішін жолдап, Жер комиссиясының хаттамалық шешімімен оң қорытынды алған. Қорытындыға сәйкес жерге орналастыру жобасын әзірлеп, бөлімге «Е-Лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы өтініші мен құжаттарын жолдап, одан да оң қорытынды алған.

Бұдан әрі «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің II кезеңіне келгенде, бөлім қызметкерінің азаматша 3.М.-ның құжаттарын қағида талаптарында көзделмеген тәсілмен, яғни көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылдағаны анықталды. Соның салдарынан қаулы жобасы әкімдікке заңда белгіленген мерзімнен кешіктіріліп берілген. Бұған қоса, қызмет алушы 3.М.-мен сұратылған жер учаскесі қала шегінде болуына байланысты қағиданың 17-қосымшасына сәйкес «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік қызметі бойынша көрсетілуі қажет. Алайда қызмет алушы 3.М.-ның өтініші мен құжаттары мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі бұзылып, қағиданың 10-қосымшасына сәйкес көрсетілгені және қаулының қызмет алушы 3.М.-ға табысталмағаны анықталды.

Департамент жүргізген тексеру қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы әкімдік пен бөлімге берілген ұсынудың нәтижесінде, қызмет алушы 3.М.-ға қосымша жер учаскесіне жеке меншік құқығын табыстау туралы қаулысы беріліп, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді және бөлімнің маманына тәртіптік жаза қолданылып, әкімдік пен бөлім қызметкерлері арасында тиісті түсіндірме жұмыстары мен құқықтық оқыту өтті.

З.АРЫНОВА,

КР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

ТАРИХҚА ТАҢБАЛАҒАН ҚАЛА АТАУЫН

Қызылорда астана болған уақытта мұнда Алаш қайраткерлерінің басым көпшілігі жұмыс істеді. Тіпті 1919 жылы Орынборда ашылған Қазақ халық ағарту институтының өзі 1925 жылы Қызылордаға көшірілген. Сол уақытта елді ағарту ісіне атсалысқан белгілі ғалымдар да оқу орнымен бірге Қызылордаға келді. Ал институттың ректоры Сәкен Сейфуллин болған.

– Тәжірибелі педагог, ағарту жұмысын ұйымдастырушы Сейітқали Мендешев, Құдайберген Жұбанов институтта сабақ берді. Зиялылар Қызылорда қаласында тұрған кезін жазба етіп қалдырған. Мысалы, «Өмір мектебі» кітабында жазушы Сәбит Мұқанов: «Маған ерекше әсер еткен көріністің біреуі – Сырдария өзені. Атағы жер жаратын бұл өзенді бірінші рет көруім. Оның суы Есіл өзенідей мөп-мөдді емес, сап-сары қоймалжың боп ағалы екен. Төңірегіндегі жарқабақтары аласа, кей тұста жазық жермен тұтасқан жайпақ» деп суреттеген. Жағыпар Лапин, Қоңырқожа Қожықұлы, Серікбай Ақайұлы, Әлмағанбет Құрышшин, Сұлтанбек Қожанұлының Қазақ көшесінде қызыл кірпіштен салынған біркелкі үйі болған, – деді ғалым Ғабит Тұяқбаев.

Көп деректерде Әлихан Бөкейхановтың көшбасшылық қабілетінен сескенген қызыл империя оның маңызды жиындарға қатысуына кедергі келтірген. Қызылордадағы жиындарда оның болғанын анықтау қиын. Бірақ ғалымдар бейнежазбада оның отырғанын жазбай таныпты.

– Алаш көсемінің Қызылордамен байланысы ұзаққа созылған жоқ. Тарихи мәліметке қарасақ, Әлихан Бөкейханов мұнда екі рет – 1925 және 1926 жылдары келген. Конференцияға қатысқаны туралы ешқандай ресми дерек жоқ. Еесіне сол жиыннан бейнежазба сақталыпты. Онда қазақ зиялысының конференция президентінің қала алдында жеке орындықта отырғанын көреміз, – деді Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың кітапханашысы Ақмарал Серікбаева.

Басы 1-бетте



«Көне ғимараттар – тарих куәгері» деп мінберде өңірдегі тарихи ғимараттар жайын айтқан облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ерғазы

қараусыз қалған нысандар да бар. Ал өңірдегі теміржол вокзалымен дәуірлес салынған «Қазақстан Темір жолы» ҰК» АҚ «Қызылорда магистралдық желі бөлімшесі» филиалы Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясы Қызылорда электрмен жабдықтау ауданының ғимараты әлі күнге дейін мемлекет қорғауына алынбаған.



Алданазаров аймақтағы тарихи маңызы бар нысандар туралы айтты. Олардың қатарында бүгінде қолданыста кенсе, сауда үйі, монша, мешіт болып тұрғандары да бар. Өкінішке қарай, әйнегі сынып, ауласы қокысқа толған көлік прокуратурасы, жеке үйлерге айналып, ұсыны қашқан,

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев тұрған үйлердің орнында тіпті тактайша да жоқ. Десе де, орталық директоры қалалар тарихына тоқталып, Қызылорда астана болғанда маңызды жиындар өткенінен хабарлар екен.

– Сыр бойында астана мәртебесіне ие болған төрт қаланы атап өткім келеді. Олар – Арал маңын мекендеген сақтардың астанасы Шірік-Рабат, ортағасырлық Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Қыпшақ хандығының, сонымен қатар Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы мен Қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ, 1925-1929 жылдары Қазақ АКСР-нің астанасы қызметін атқарған Ақмешіт (Қызылорда) қалалары. Қызылорда астана болған кезеңде қалада маңызды мемлекеттік және қоғамдық шаралар өтті. Бірақ экономикалық және саяси қиындықтар астананы Алматыға көшіру туралы шешім қабылдауға себеп болды. Қызылорда қаласы республиканың саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Ол жаңа республиканың қалыптасу кезеңінде көптеген маңызды оқиғаның куәсі болды, – деді ол.

Қызылорда қаласының тарихы музейінің ғылыми қызметкері Гүлзира Әубәкір

Дәулет ҚЫРДАН

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ХАЛЫҚ ҮНІ БОЛА АПА МА?

Қоғамдық жобалар саласында да мониторинг пен талдау жүргізу үшін жоспар әзірленуде. Жоспар аясында жобаларды құқықтық сараптаудан өткізіп, азаматтық қоғам өкілдерімен

тыңдау өткізіледі. Алғаш рет қоғамдық кеңеске мүше болған Шакизат Қаратайұлы кемшілік анықталған жағдайда уәкілетті органдарға ұсыныстар жолдаймыз, – дейді ол.



Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін және тәртібін бұзу, толық құжатсыз қызмет көрсету, дәлелсіз бас тарту секілді фактілер анықталған жағдайда департамент тарапынан шұғыл ден қою шаралары қабылданады.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АМАНАТ ЖҮГІ

Мәселен, сәуір айында Қорғаныс министрлігіне қарасты аумақтық мекемелермен және үйлестіруші жергілікті атқарушы органдармен тиісті ақпараттық жүйелер арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтерге зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу жұмыстары нәтижесінде қала әкімдігі тарапынан Қызылорда қаласының екі бірдей тұрғынына «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері анықталды.



Осы орайда, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мақсатында департамент тарапынан шұғыл ден қою шаралары қабылданды. Нәтижесінде ағымдағы жылдың 9 сәуірінде қала тұрғыны Б.Ө.-нің өтініші бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің оң нәтижесі ұсынылды.

Марат АЙТХОЖА,

КР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

■ МАМАН КЕҢЕСІ

АЛЛЕРГИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ

Шаннан болатын аллергия – кей өсімдіктердің тозаңына адамның иммундық жүйесінің әсері жоғары болғаннан туындайтын кен тараған ауру. Оның салдарынан тыныс алу жолдары мен көру органдары қабынып, теріге зақым келеді.

Әдетте, тыныс алу жолдары қабынған кезде шаннан болатын аллергия аллергиялық ринит, мұрын-жұтқыншақ қабынуы, фарингит, бронхит, тіпті тыныс демікпесі түрінде жүруі мүмкін. Теріде аллергиялық дерматит, есекжем, ангионевротикалық ісік пайда болады.

Поллиноз адамның аллергиясы бар өсімдіктің гүлдеу кезінде өршиді. Асқынуды жыл сайын бір уақытта болады. Шаң аллергиялардың гүлдеуі өсімдіктердің түріне қарай басталып, аяқталады.

Жыл мезгілдері бойынша поллиноз асқынатын үш кезең бар:

– Көктемгі (сәуір-мамыр): оған қызылтал, қарағаш, шаған, үйеңкі, қандыағаш, жаңғақ, емен, орманжаңғақ, қайың, басқа бұталар мен ағаштардың тозаңы себеп болады;

– Көктем-жазғы (мамыр-тамыз): оны қоңырбас, жүгері, тарғақшөп, үйбидайық, бидайық, атқонақ, айрауық, арпабас, бетеге, қара бидай және басқа да дәнді шөптердің тозаңдары, сондай-ақ жөке, шырша, қарағай, қарақұмық, жолжелкен, бакбак өршітеді;

– Жаз-күзгі (тамыз-қазан);

жусан, қалақай, ойраншөп, көкпек және басқа да арамшөптердің тозаңынан туындайды.

Ауадағы аллергиялардың кон-центрациясына ауа-райы да қатты әсер етеді. Әдетте күн райы ашық болса гүлдеу күшейеді, бұлтты кезде азаяды.

Аллергиялық реакция тудыратын аллергияларды анықтау үшін қанға зертханалық талдау жүргізіліп, құрамында Е-реактин-дер класындағы ерекше иммуно-глобулиндер бар-жоғы, сондай-

ақ эозинофилдердің нормадан қаншалықты асқаны зерттеледі.

Тоzaңға аллергия пайда болған кезде пациентке антигистамин-дер, тамыр тарылтатын препарат-тар, көз тамшылары тағайындала-ды. Егер науқастың жалпы жағдайы нашар болса, тыныс алуды жақсарту, шырышты бөліністі азайту, мұрын қуысы мен көздің ісінуін жеңілдету үшін оған қарқынды терапия, бұлшықет ішіне және көктамыр ішіне инъекциялар тағайындалуы мүмкін.

Поллиноз белгілері мүлдем көрінбейтін немесе өте әлсіз ремиссия кезеңінде емдеу ретінде аллергияспецификалық иммун-терапия (АСИТ) қолданылады, оны арнайы гипосенсибилизация деп те атайды. Әр адамға жеке тағайындалатын курстан кейін пациент гүлдеу кезеңін жеңіл өткізеді.

Нұржамал СӘДУАҚАСОВА,

№3 қалалық емхананың мейіргері

Асхат САЙЛАУ, облыстық тарихи–өлкетану музейінің ғылыми қызметкері:

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАЛАНҒАН

– Асхат Сайлауұлы, өзіңізбен Ақмешіттің Қызылорда атануы, Қызылорданың астана болуы тәрізді тарихи деректерді талқылап, бұған дейін де сұхбаттасқан едік. Бүгінгі сөз басын қазақ тарихындағы Қызылорданың астаналық кезеңінің маңызынан бастасаңыз...

– Қызылорда – ең әуелі ұлтымыздың қазақ атауын қайтарғанымен маңызды. Оған дейін бізді «киргизы» деп атады, ал қырғыздарды «кара киргизы» деді. Тіпті граф Спиранскийдің 1822 жылғы «Сібір казактарының жарғысы» деген құжатында хандықты толық жойып, өзінің дербестігінен айыру мақсаты тұрды. Осы құжатта бізді «жергілікті аборигендер» деп атайды. Бұл жергілікті тұрғындар деген мағынаға келеді, бірақ бұл жерде кемсітушілік бар. Олан кейін «кайсаки», «киргизи» деген тәрізді түрлі атаулар қойды. Бұл – ұлтсыздандыру жұмысының белсенді жүруі. Қазақ деген атауды атамай, бізді жойып жіберуді мақсат еткенінен шығады. Мысалы, орыс-түзем мектебі деп атады. Неге ол орыс-қазақ мектебі емес?! Қазақтарды өз атымен атамай бұратана халық деп кемсітті.

1925 жылы қазақ деген атауды біз Алаш қайраткерлерінің арқасында алдық. Дінше Әділовтің тергеудегі берген түсініктемесінде «Сұлтанбек Қожанов пен Қонырқожа Қожықов, барлығымыз түскі ас іштік. Сол кезде Қонырқожа Қожықов «Қызылды біз большевиктерге жағу үшін, ал Орда деген сөз – өзіміздің қазақ сөзі» деп айтты» делінген.

– Әрине, Қызылорда сөзін Алтын орда сөзімен мағыналас деп бұған дейін де айттып жүрміз. Бұл – өз алдына бөлек әңгіме. Осы жерде тоқтала кетерлігі, әлгінде ұлт атауына байланысты сөз қозғалдыыз ғой. Яғни, сөзед 15-19 сәуір аралығында өтті. Ұлт атауын қайтарған күн де ұлықталу керек шығар...

– Ұлт атауын қайтарған күнді біз Республика күні ұлттық мерекесі етіп бекітуіміз керек. Біз сол атауды алған кезде автономиялы республика болдық. Оған дейін Ресейдің отарында болдық. Олар бізді губернияға бөліп тастады, дәстүрлі шаруашылығымыздан айырды. Әр губернияның өзінің орталығы болды. Бір губернияның қазағы екінші губернияға кіре алмайтын еді. Мұның барлығы қазақты бөліп-жарып, басын қоспай, біртіндеп құртудың амалы еді. Міне, сол губерниядан кейін автономиялы республика болғанымыз – тәуелсіздіктің алғашқы қадамы еді. Міне, сол 15-19 сәуір аралығындағы бір күнді белгілеп, Республика күні ұлттық мерекесі етіп алсақ, қандай жарасымды. Міне, осыдан кейін тәуелсіз Қазақстанның іргетасы Қызылордада қаланды деп қалай айтпайсың?! Бұл күнді ұлттық мереке

етіп тойлайтын уақыт жетті. Оған тарих әлдеқашан өз бағасын беріп қойған.

– Қызылорданың астаналық кезеңінде ерекшелен айтатын қандай тың деректер бар?

– Біздің өңірде сол уақытта мемлекеттік баспахана жұмыс істеді. Осы кезде 1925-1932 жылдар аралығында Қызылордада жарық көрген кітаптарды іздестіріп жатырмын. Тіпті 1935 жылға дейін шыққан кітаптар бар. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің «Ауыл пионерлерінің ойыны мен өлеңдері», «В вагонах смерти Атамана Анненкова», «Тұрмыс толқынында», «Жер қазғандар», «Ұйым мен еңбек шарт – жалшылар қорғаны», «Экспресс» және «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» кітаптары шыққан. Бейімбет Майлиннің 15 кітабы осы Сыр топырағында басылған. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» еңбектері жарыққа шықты. Сондай-ақ Міржақып Дулатовтың, О.Бековтің, Жүсіпбек Аймауытовтың Қызылорда астана болғанда осында жарық көрген кітаптарымен танысып жатырмыз. Мұның барлығын онлайн кітапханадан алдық. Біздің өңірде жоқ кітаптар. Төте жазумен және латын қарпімен басылған.

Көріп отырсыз ба, біз осындай жұмысты жалғастыра беруіміз керек.

– Тарих қойнауындағы осы деректерді жинақтап, Сырдағы баспаханада басылған кітаптарды жинаудың өзіне көп уақыт керек шығар...

– Менің ойымша, әрі кетсе бір жылда біз түгендеп болар едік. Әрине, арнайы жоба дайындап, кешенді жоспармен іске кірісу керек. Қазірдің өзінде қайраткерлердің кітаптарын онлайн үлгіде алып жатырмыз. Цифрландырудың үлкен бір көмегі тиіп жатыр.

Бірнеше жыл бұрын белгілі ғалым Серікбай Қосанов Қызылордаға келіп еңбек етті. Сол кісі «Алаш кеңес қайраткерлерінің Қызылорда кезеңі» атты көптомдық шығарайық деген ұсыныс берген болатын. Бірақ ол ұсыныс қабылданбады. Егер сол ұсыныс қабылданғанда биылғы ғасыр тойына ерекше тарту, ең керемет жаңалығы болар еді...

– Ағарту жұмысы қалай жүрді ол кезде? Алаш қайраткерлері де тынбай еңбек етті. Осы жұмыстар тарихтан бағасын алды ма?

– Мұнда Қазақ халық ағарту институты жұмыс істеді. Онда Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынұлы, Темірбек Жүргенов тәрізді қайраткерлер еңбек етті. Олардың осы Қызылордада еңбек еткен уақытындағы құжатын алдыртсақ, ол да бір жақсы жұмыс болар еді... Құжат жотқын қасы.

– Сөзіңізді бөлгеніміз үшін айып етпеніз. Өзіңізбен бірге Алаш қайраткерлерінің тұрған үйлерін араладық. Көбінің орнын да білмейміз, тек тұспалдап айтамыз. Көп ғимаратты сақтай алмай қалдық. Бұл шындық қой...

– Әрине. Біз түгендеп жатқан жоқпыз. Көп нәрсені қираттық. Сол арқылы тарихымыздың бір парағын жұлып тастап жатырмыз. Өкінішке қарай, таба алмай қалдық. Бірақ әлі де кеш емес. Сол орындарға ескерткіш тақталар қойсақ... Қазіргі таңда Алма Оразбаеваның тұрған үйінде белгі бар. Осы ұлылар мынадай жерде тұрған екен, осы жермен жүрген екен деген ой халықтың санасында қалыптасар еді. Теміржол вокзалымен дәуірлес «Қазақстан Темір жолы» ҰҚ АҚ «Қызылорда магистралдық желі бөлімшесі» филиалы Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясы Қызылорда электрмен жабдықтау ауданының ғимаратының өзін 1925 жылы түсірілген видеодан танып, суретке түсіріп алдық. Ол да мемлекеттің қорғауына алыну керек. Осы тәрізді қорғауға алынбаған қанша нысан бар. Тіпті ескерткіш такта қоюға жарамай жатырмыз, ал олар ұлтты аман алып қалу жолында басын бәйгеге тікті.

– Ең бастысы, Қазақ орталық атқару комитетінің орны қазір...

– Иә, дүңгіршектер мен базарға айналған. Көне базар маңындағы Қорқыт ата ескерткіші, амфитеатр бар. Сол маңдағы дүңгіршектердің орнында тарихи ғимарат болған. 1990 жылдары белгісіз себептермен бұзылып кетті. Бұзыларға дейін оның екінші қабатын қостырып, тұтастай жұিকে аурулары ауруханасы етті. Бұл кеңестік идеологияның қарқыны. Қазақ атауын қайтарған ғимаратымызды, кешіріңіздер, жындыхана қылды. Бұл жерге де ескерткіш такта қойылу керек. «Бұл жер – қазақ деген атауды қайтарған жер» деген сөздің өзі еңсенді тіктеп, туған жеріңнің қадірін арттырып, қасиетін сездіреді. Балкім, сол жағалаудағы осы ғимараттың көшірмесін дәл өзінің орнында салу керек пе еді?! Сонда санада жаңғыру қалыптасар еді... Қазір сол жағалаудағы ғимаратқа барған адам «Бұл қандай ғимарат» деп ойланары кәдік. Ал мына жерде тұрса айтпаса да түсінер еді, сол тарих санаға сілкініс беріп тұрар ма еді?!

Ал өз орнына қойғанда бір үлкен кешен болар еді. Арғы жағында әскери казарма тұр, мына жағында Қазақ мемлекеттік баспасы тұр, ортасында Қазақ атқару комитетінің ғимараты бар, бері қарай шіркеу, «Айбай» мешіті, монша ғимараты... Мұның барлығы сол кездегі қаланың бір көрінісі болып қалыптасып тұра берер еді ғой...

Қазіргі қолда бар тарихи ғимараттарды түгендеуіміз керек. Олардың барлығы бұзылса, ешнәрсесі де қалмайтыны шындық. Осы кезге дейін жоғалтқанмыздан сабақ алып, бар нәрсені алып қалу керек. Бұл ретте Қызылжардан үлгі алсақ деймін. Көненің көзіндей қанша дүниені аман алып қалған.

– Алаш қайраткерлеріне қайта оралсақ... Еңбектеріне тағы бір тоқталсақ...

– Гүлнар Дулатова апамыздың естелігінде «Біздің өміріміздің ең жаймашуақ күндері Қызылордада өтті» деген жол бар. Қызылорда – Алаш қайраткерлерінің ең ұзақ жұмыс істеген жері. Мұнда Әлкей Марғұлан да, Қаныш Сәтпаев та келді. Тұңғыш инженер Мұхамеджан Тынышбаевтың да ізі қалды. «Сарқырама» каналы – сол кісінің туындысы. Қызылорда – 382 жылдық Қазақ хандығының тарихында халқымыздың өзі салған қала. Бұл туралы ғалымдар да айтып жүр. Сол кезеңдегі халық Алаш қайраткерлерінің идеясын түсінбеуі мүмкін. Олар – заманынан озып туған адамдар. Олардың идеясын көбі тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп, енді ұғынып жүр. Егер де біз тек қана Алаш қайраткерлеріне арналған арнаулы музей ашсақ, Алаш қайраткерлерінің алдындағы парызымызды орындағандай болар едік.

– Сол жағалаудан ашылғалы жатқан жаңа музейде мұндай бастама бар болар...

– Әрине, ол музейде бұл қамтылған. Мен тек қана Алаш қайраткерлеріне арналған дегенді баса айтып отырмын. Осы бағытта ашылса...

Ал сол жағалаудағы музей – ұлт руханиятын қолдаудың үлкен бір көрінісі. Бұл нысан жаңа технологиямен жабдықталады. «Алаш кеңес зиялылары» атты бөлім, экспозициялық зал бар. Сонда қайраткерлерді 2D үлгісіндегі суреті сізді қарсы алады. Кәдімгі алдыңызда Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларының өзі тұрғандай әсер қалдырады. Қасына барып, бірге суретке де түсе аласыз. Бұл музей Ұлттық музейден кейінгі орындағы ең бір мықты, алып нысан болғалы тұр. Облыстарда мұндай керемет жоқ, тек бізде ғана.

Мен жоғарыда айтып өткен ұсыныс толық болмаса да, бір бөлігін орындап жатырмыз. Қазіргі музей директоры Сапар Алиасқарұлы бастап, 1925-1932 жылдардағы Қызылордадан шыққан, бірақ өзімізде жоқ, сирек кездесетін әдебиеттерді тізіп, жасақтаудамыз. Оның барлығы қазіргі «Ақмешіт» музейіне орналастырылып, «Алаш әдебиеті» музейі болып ашылады. Қазір қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Фото-архивтік құжаттарды жинақтап жатырмыз.

– Міне, керемет. Қызылорданың астана болған кезеңіндегі Алаш үшін қаншалықты маңызды болғанын осыдан-ақ айқын аңғаруға болатын тәрізді...

– Иә, мен бұл ретте белгілі жазушы, драматург Әнес Сарай «Торғай – Алаштың табаны, Жымпиты – жұлыны, Семей – өзегі» деген сөзін мысалға алып, «Қызылорда – Алаштың жүрегі» деп айтуға толық негіз бар екенін жеткізіп жүрмін. Жүрегі дегенде өзіңіз де бағамдап отырған боларсыз. Ұлтымыздың ұлық атауын осында қайтарып, автономияны да осында құрдық. Қазақтың санасына сілкініс берген қанша әдебиеттер осында шықты. Ұлт театры да осында ашылды. Ал қазақтың өзі салған жалғыз қаласы, жай ғана қала емес, астанасы екенін айтсақ, оның да әжептәуір салмақ беріп тұрғанын ұмытпау керек.

– Сұхбаттатуыңызға рахмет.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН,

Суретке түсірген

Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

АБЫЗ АҚСАҚАЛ



Қарапайымдылық пен кісілікті ту етіп, маңдай терімен мағыналы ғұмыр кешкен жандар болады. Олар көп сөйлемейді, бірақ елге жасаған еңбегі – ұлы мұрадай әсерлі келеді. Сондай ардақты абыздардың бірі – аймағымыздың біртуар азаматы Хабаров Мәлік Хабарұлы.

Мәлік аға 1940 жылы Сырдың қасиетті топырағында, Жағалаш ауданының бұрынғы

Ленин колхозында дүниеге келген. Еңбекке ерте араласқан, әке жолын қуып, маңдай терімен туған жерін түлеткен азамат. Өкесі Хабар ақсақал сол кездің өзінде бүкіл аймаққа белгілі, шебер құрылысшы болған. Бүгінде тарихқа айналған, Ленин колхозындағы мектеп, мәдениет үйі, кенсе секілді сәулетті нысандарда қолтаңбасы бар. Әсіресе, өзі салған мәдениет үйінің шала күйдірілген кірпіш ұнтағынан жасалған бояуы – сол заманның құрылыс технологиясына тың жаңалық әкелген нағыз казаки даналықтың үлгісі.

Ал Мәлік ағамыз әкесінен тек құрылыстың қырсырын ғана емес, адалдық пен жауапкершілікті де бойына сіңіріп өсті. Макпалкөл орта мектебін 1957 жылы тәмамдап, еңбек жолын туған жерінен бастады. 1963 жылдан бастап колхозда құрылысшы болып тер төкті. Көп ұзамай 1965 жылы жаңа құрылған Аққыр совхозына шақырылып, алғашында радист, кейіннен ұзақ жылдар бойы, нақтырақ айтқанда, 18 жыл ауылдық пошта бөлімшесінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды.

Мәлік ағамыз поштаны жай ғана хат тасушы мекеме емес, ауыл мен өркеніетті жалғаған алтын көпірге айналдыра білді. Ол кезеңде Мәлік ағамыздың арқасында ауыл тұрғындары тек хат-хабар емес, Мәскеу, Ленинград, Балтық жағалауы елдері мен Еуропаның алыс түкпірінде – ГДР, Чехословакия, Польша секілді мемлекеттерден теледидар, радиоаппарат, құрғыш машина, магнитофон, аңшылық құрал-саймандарға дейін каталог арқылы тапсырыспен алып жататын. Кеңестік ауылдарда сирек кездесетін өркеніет белгілері ең алғаш Аққырға жетіп жатқанына жұрт таңданатын. Мәлік ағамыз ауыл өмірін мәдениет пен тұрмыстың өрнекті үйлесіміне айналдырған шын мәніндегі жаңашыл еді.

СЫР АЛАШТЫҢ АНАСЫ

Сұлу сырым туған өлкем, Жайған өркен мекенім. Саған келсем арқаланып, Шабыттың кетемін. Әбділда ақын анам десе, Панам десе өзінді.	Қиын қыстау күн туғанда, Ұрпағыңның басына. Аш, арығын асырадың, Анасы боп алаштың. Талай бұлбұл, талай дүлдүл,
Мұқағали жазып кетті, Өмір өзен екенін. Тянь-Шаньнан бастау алып, Аралына асықтың. Сейхун –Жейхун екі сұлу, Бір теңізге ғашықсың. Сонда барып тыныстайсың, Өмірге нәр бересің.	Дүниеге әкелдің. Ел ырысын, жер ырысын, Лай судан өпердің. Жұмыр жерден алғаш, Алғаш адам баласын. Жер кіндігі Байқоңырлан, Ғарышқа сен көтердің. Өмір өзен таба берсін, Ғасырларға жалғасын.
Мүз құрсаңға кетесің-ау, Кемеріңнен асып тым. Айбарыңнан шошып дұшпан, Өткел таппай адасты.	Тартылмасың, сарқылмасын, Құм баспасын арнасын. Жағаңа кеп бұлбұлың боп Құйқылықта сайрайтын. Сыр анамдай мейірлене, Ән жырымды тыңдасын.
Жағаңа кеп талай ғашық, Сырын ашып жарасты.	Мәлік ХАБАРҰЛЫ

1972–1984 жылдары аралығында Аққыр ауылдық кеңесінің депутаты болып сайланып, елдің мүддесіне адал қызмет етті. Жастарға бағыт-бағдар беріп, ауылдағы руханият пен тұрмыс сапасының артуына үлес қосты. 1982 жылы совхоздың құрылыс саласына ауысып, ауыл клубының бой көтеруіне де азды-кем өз еңбегін сіңірді.

Адал еңбегі ескерусіз қалмады. Мәлік Хабарұлы «Таңдаулы байланыс қызметкері» төсбелгісіне ие болып, аудандық облыстық марапаттарға, Құрмет грамоталарына лайық деп танылды. 1995 жылы зейнетке шықса да, ауылдың берекесі мен ұрпақ тәрбиесіне араласып отырған абыз ақсақал.

Мен үшін Мәлік ағамыз – тек еңбек адамы ғана емес, өткен мен бүгінді жалғаған тірі шежіре. Жан дүниесі тұнған парасат, сөзі – сабырлы, ісі – өнеге. Қазақтың байырғы болмысына тән өлең жазу, домбыраға қосылып сыр сүлейлерінің жырын орындау Мәлік ақсақалдың нағыз Сыр бойының төл перзенті екенін айғақтай түседі. Оның балалық шағындағы бейнесі, «пошта бала» атанған сәттері, жарқ еткен күлкісі мен іскерлігі – Мәкенің алдағы ғұмыр жолының айнасы іспетті. Ұлы Самат Мәлікұлы да әке жолын жалғап, Қазақстанға танымал суретші, дизайнер, мәдениет қайраткері атанды. Бұл шын мәнінде, текті жерден нәр алған тәрбиенің жемісі.

Бүгінде Мәлік ағамыз елдің елеулі ақсақалы, ұрпағына батасын беріп отырған, көрегендігімен, өмірлік тәжірибесімен жұртты ұйыстыра білген абыз тұлға. Алла тағала ағаның жасын ұзақ етіп, ұрпағының қызығын көруді нәсіп етсін!

Аққыр ауылындағы әрбір жүргінші жолда Мәлік ағамыздың табанының ізі, әр жаңғырықта оның дауысының лебі бар. Еңбегімен ел есінде қалатын тұлғаға лайықты қасиеті бар ақсақалға ұзақ ғұмыр тіледік!

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
Жыршы, ҚР мәдениет қайраткері



– Мектептегі эковолонтерлік бастамалар туралы толығырақ айтып өтсеңіз...

– Бүгінде Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектепте ерекше әрі маңызды бастама – экологиялық еріктілік белсенді түрде жүзеге асып келеді. Бұл жоба тек мектеп ішінде ғана емес, қоғам үшін де өзекті әрі пайдалы кадам деп санаймыз.

Эковолонтерлік бағытындағы жұмыстар еліміздегі «Youth Vector» республикалық еріктілер қозғалысының аясында жүзеге асуда. Бұл ұйым Қазақстанның барлық өңірлерінде жұмыс істейді, құрамында 700-ден астам белсенді жас бар. Біздің мектепте 300-ден астам оқушы осы қозғалысқа мүше. Эковолонтерлікке 7-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі оқушылар қатысады. Бұл жас ерекшелігіне сай үйлесімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Аға толқын мен жас буын бір-бірімен тәжірибе бөлісіп, ортақ жобаларға бірге атсалысады.

– Эковолонтерлік қозғалыстың құрылымы қандай? Оқушылар қалай жұмыс істейді?

– Эковолонтерлік жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі үшін оқушылар 6 түрлі топқа бөлініп, әрқайсының өз бағыттары мен үйлестірушілері белгіленген. «ЭкоБілім» тобының мақсаты – мектеп оқушылары мен ата-аналар арасында экологиялық сауатты арттыру. Олар түрлі танымдық шаралар, ақпараттық парақшалар, сынып сағаттары мен презентациялар ұйымдастырады. «ЭкоStep» – бұл бағыт жерді қалпына келтіру, көгалдандыру жұмыстарымен айналысады. Топ мүшелері сексеуіл мен жонышка секілді өсімдіктерді отырғызып, эрозияға ұшыраған аумақтарды қалпына келтіру бойынша жобалар жүргізуде. «ЭкоБизнес» (ЭкоСтартап) – бұл топ экологиялық идеяларды экономикалық бағытта дамытып, жәрменкелер ұйымдастырады. Қайта өңделген материалдардан жасалған бұйымдарды сату арқылы түскен қаражатты мектептің экологиялық жобаларына жұмсайды.

«ЭкоПагуль» (ЭкоАудит) – мектеп аумағындағы тазалықты бақылап, қалдықтарды сұрыптау, жарық пен суды үнемдеу бойынша бақылау жұмысын жүргізеді. Олар тұрақты түрде аудит жүргізіп, нәтижелерін есепке алып отырады. «ЭкоБлогер» – бұл топ мектептегі экологиялық жобалар туралы ақпаратты Instagram, TikTok, Telegram сияқты әлеуметтік желілерде кеңінен таратады. Жобалар туралы бейнероликтер дайындап, көпшілікке ой тастайды. «ЭкоҚоғамдастық» – бұл топ өзге

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде тек академиялық біліммен шектеліп қалмай, оқушыларды әлеуметтік жауапкершілікке баулу, табиғатты аялауға тәрбиелеу – күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі. Бұл тұрғыда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі – экологиялық білім беру. Табиғатқа жанашырлықпен қарауға, қоғам үшін пайдалы іс жасауға бағытталған бұл бастама бүгінде еліміздің көптеген білім ұясында табысты жүзеге асуда.

Солардың бірі – Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп. Мұнда экологиялық жобалар жүйелі түрде жүргізіліп, оқушылардың экосана мен көшбасшылық дағдыларын дамытуға айрықша мән беріледі. Осы бағыттағы жұмыстардың барысы жайлы мектеп мұғалімі, экологиялық бастамалардың белсенді үйлестірушісі Жәмилә Қайратқызымен сұхбаттасқан едік.

Жәмилә САЙЛАУОВА, Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің мұғалімі:

ЖАСЫЛ БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ МЕКТЕПТЕН ҚАЛАНАДЫ



мектептермен, ұйымдармен бірлескен жобалар ұйымдастырады, тәжірибе алмасуды және серіктестік орнатады. Бұл бағыттардың барлығы оқушылардың бастамасымен жүзеге асып келеді. Эковолонтерлік оқушылардың табиғатқа деген жанашырлығын, жауапкершілігін арттырып, шығармашылық және көшбасшылық қабілетін дамытуға зор үлес қосуда. Ең бастысы, мұндай жобалар арқылы жастар табиғатты аялап, қоғамға пайда келтіру жолында нақты іс-әрекет жасай алатынын дәлелдеуде.

– Қазір қандай жобалар жүзеге асуда?

– Қазіргі таңда бізде бірнеше ауқымды жоба жүйелі түрде жүзеге асуда. Мысалы, «Жасыл бұрыштар», қалдықтарды сұрыптау жәшіктері, үнемдеуші құрылғылар, экостерлер – бәрі нақты нәтижеге бағытталған. Жақында «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНА – ТАБИҒАТПЕН ҮЙЛЕСІМ» атты ғылыми-танымдық шара ұйымдастырылды. Шараға қазақстандық жасыл құрылыс кеңесінің (KazGBC) атқарушы директоры Александр Белый, техникалық директор Айман Шопова және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, биология ғылымдарының кандидаты Рахат Құрманбаев арнайы келіп, оқушылармен бірге ағаш отырғызды. Бұл шара ынтымақтастық туралы меморандуммен аяқталып, жаңа жобаларға жол ашты. Осындай ауқымды жобалар мен серіктестіктердің арқасында мектеп қабырғасында экологиялық сананы қалыптастыру мен жас ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыс жаңа деңгейге көтеріліп отыр.

– Эковолонтерлік үйірмеге қанша оқушы қатысады? Олар қандай сыныпта оқиды?

– Бүгінде мектебіміздегі эковолонтерлік қозғалысқа 300-ден астам оқушы белсене қатысады. Бұл – үлкен көрсеткіш және оқушылардың табиғатты қорғауға деген қызығушылығы мен жауапкершілік деңгейінің артып келе жатқанын білдіреді. Эковолонтерлер ұйымына 7-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі оқушылар мүше бола алады. Әр топ жас ерекшелігі мен қабілетіне қарай түрлі бағытта жұмыс атқарады. Мысалы, кіші сынып оқушылары көбіне ағаш отырғызу, мектеп ауласын көгалдандыру, қалдықтарды сұрыптау сияқты практикалық жұмыстарға белсене араласса, жоғарғы сынып оқушылары ақпараттық-танымдық шаралар ұйымдастыру, экоаудит жүргізу, экостартап идеяларын әзірлеу сияқты көшбасшылық бағыттарда жұмыс істейді.

Экоүйірме құрамындағы барлық оқушылар 6 бағытқа бөлінген және әр бағыттың жеке координаторы мен жауапты жетекшісі бар. Бұл құрылым оқушылар арасында тәртіп пен жүйелілікті қамтамасыз етіп, әр бағыттың мақсатты әрі нәтижелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Аға буын мен жастар арасында өзара тәлімгерлік пен қолдау орнаған. Үлкендер тәжірибесімен бөлісе, кішілер жанашырлық пен шынайы ықыласымен ерекшеленеді. Бұл – командалық рух пен экологиялық мәдениетті бірге қалыптастыратын маңызды фактор.

– Экологиялық жобаларды жүзеге асыру кезінде қандай қиындықтарды жеңу үшін қандай қолдау тетіктері мен ынтымақтастық үлгілері тиімді деп есептейсіз?

– Бірінші кезекте, материалдық ресурстардың жетіспеушілігі – бұл жиі кездесетін мәселе. Әсіресе экологиялық стартаптар мен көгалдандыру

жұмыстарын жүргізуде арнайы құралдар мен материалдар қажет. Мысалы, ағаш отырғызу немесе топырақты қалпына келтіру үшін белгілі бір экологиялық тыңайтқыштар мен жабдықтар керек. Осыған байланысты кейде қаржылық қолдаудың болмауы қиындық тудырады. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы бұл мәселені едәуір жеңілдетеді. Қазіргі уақытта экологиялық жобаларымызды жүзеге асыруда оқушылардың белсенділігі маңызды рөл атқарады және отбасылардың қолдауы ықпал етеді.

Энергия тиімділігі бағытында жарықдиодты шамдар мен су үнемдейтін құрылғылар орнатылған. Жерді қалпына келтіру мақсатында жоңышқа мен сексеуіл отырғызу жобасы жүзеге асуда.

Экостартаптарға қажет ресурстарды жәрменкелер арқылы жиналған қаражат есебінен және қоғамдық ұйымдармен серіктестік негізінде қамтамасыз етеміз. Барлық қолданылатын материалдар экологиялық қауіпсіздік стандарттарына сай таңдалады.

– Жобалар қандай байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды?

– Біздің мектептегі экологиялық жобалар көптеген байқауға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Мәселен, экологиялық стартаптарды қолдау бағытындағы жобаларымыз «Эко-бизнес» байқауына қатысып, бірінші орын алды. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында өткен түрлі экологиялық шаралардан да жүлделі орындармен оралдық. Әрбір жоба өз деңгейінде ерекше, әрі маңызды. Оқушыларымыздың шығармашылық ойлау қабілетін арттырып, экологиялық мәселелерге деген жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Мектебіміздің эковолонтерлері жергілікті және республикалық деңгейдегі экологиялық байқауларда тұрақты түрде жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

– Мектептегі экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бұл жобалар қалай әсер етті?

– Экологиялық жобалар мектебіміздің экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл жобалар арқылы оқушыларымыз табиғатты қорғау мен оны аялаудың маңызын түсінуге, экологиялық мәдениетке ие болуға бастады.

Сондай-ақ эковолонтерлік үйірмесі арқылы оқушылар арасында экологиялық білімге деген сұраныс артты. Олар тек мектеп ауласындағы тазалықты сақтап қана қоймай, күнделікті өмірлерінде табиғатты қорғауды үйренуде. Бұл біздің мектепте жас ұрпақтың экологиялық тұрғыдан саналы болуына ықпал етті.

– Алдағы уақытта қандай экологиялық жобаларды жүзеге асыру жоспарларыңызда бар?

– Алдағы уақытта эковолонтерлеріміз бірнеше жаңа жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Солардың ішінде экологиялық стартаптарды дамыту, жасыл қала жобаларын қолдау, экологиялық білім беру мен экологиялық патрульдер ұйымдастыру ерекше назарда.

Сонымен қатар оқушылардың қатысуымен өтетін «Эко-калалық» жобасы аясында қалдықтарды қайта өңдеу және энергия үнемдеу мәселелері талқыланып, іске аспақ. Сондай-ақ көгалдандыру жұмыстары мен табиғатты қорғауға арналған жаңа бастамалар енгізу жоспарымызда бар.

– Эковолонтерлік оқушыларға қандай өмірлік құндылықтарды үйретелі деп ойлайсыз?

– Эковолонтерлік қызмет оқушыға жауапкершілік, еңбекқорлық, топтық жұмыс және табиғатқа деген құрмет сияқты маңызды өмірлік құндылықтарды үйретеді. Олар тек өз мектептерінде ғана емес, өздерінің туған жерінде де экологиялық мәселелерге бейжай қарамауды үйренеді. Бұл олардың көшбасшылық дағдыларын дамытуға, тұрақты дамуы қолдауға бағытталған шешімдер қабылдауға көмектеседі. Сондай-ақ, эковолонтерлік жұмыс жастар арасында достық, адалдық, бірлескен іс-қимыл арқылы қоғамдастық құруға ықпал етеді. Оқушылар осы қызмет арқылы болашақта экология мен тұрақты даму саласында өз үлестерін қосуға дайын болады.

– Сұхбатыңызға рахмет.

КЕЛЕШЕК КІЛТІ – ЭКОСАУАТТЫ ҰРПАҚТА

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Қазақстанда экологиялық білім беру мен мәдениетті дамыту бағытында соңғы жылдары бірқатар маңызды мемлекеттік және қоғамдық бастама қолға алынды. 2020 жылы дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен БҰҰ Даму бағдарламасы бірлесіп, «Қазақстанда экологиялық білім беруді дамыту» жобасын іске қосты. Бұл жоба аясында еліміздегі 6000-нан астам мұғалім арнайы дайындықтан өтіп, әр өңірде 17 үлгілі экологиялық оқу алаңы құрылуы жоспарланған. Аталған эко-сыныптар жанаарылатын энергия және ресурсты үнемдеу технологияларымен жабдықталмақ. Сонымен бірге мектепке дейінгі ұйымдарға арналған экологиялық тәрбие әдістемесі, бастауыш сыныптарға арналған «Дүниетану» пәнінің интерактивті эко-мазмұны әзірленуде. Жобаның түпкі мақсаты – мектепке дейінгі буыннан бастап жоғарғы оқу орнына дейін үздіксіз экологиялық білім беру моделін қалыптастырып, оны мемлекеттік білім жүйесіне енгізу.

Мемлекеттік деңгейдегі тағы бір жаңалық – 2019 жылдан бастап мектептер мен балабақшаларда «Экология сағаты» акцияларын өткізу дәстүрі жолға қойылды. Сол жылы шілде айында экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі бірлесіп, республикалық деңгейдегі экологиялық сағат өткізу туралы бастама көтерген еді. Бұл сабақтарда оқушыларға бейнероликтер көрсетіліп, коқысты сұрыптау, су мен энергияны үнемдеу, табиғатты

Басы 1-бетте

аялау секілді дағдылар үйретіледі. Мұндай экосағаттарға мұғалімдермен қатар табиғат қорғау мекемелерінің мамандары, еріктілер мен экобелсенділер қатысады. Экологиялық ағартушылық бағытында да елеулі істер атқарылуда. Мысалы, «Stop Musor» атты әлеуметтік жоба іске қосылды. Бұл жобаның мақсаты – тұрмыстық қалдықты жерге тастамау мәдениетін қалыптастыру, тұрғындарды қоқысты дұрыс сұрыптауға үйрету. Бұл бағытта волонтерлер ел ішінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заңсыз коқыс орындарын анықтауда.

«Жасыл мектеп» – тәжірибе алаңы

Серәлі Лапин атындағы №261 орта мектепте экологиялық тәрбие мен табиғатпен үндестікті үйлестіретін бастамалар жүйелі түрде жүзеге асуда. Мектеп жанынан құрылған жылыжай соның айқын дәлелі. «Жасыл мектеп» жобасы аясында негізгі қаланған бұл шағын экобұрыш оқушылар үшін биология пәнін тәжірибемен ұштастыратын, табиғатқа жақындау түсетін маңызды алаңға айналды. Мұнда балалар тек өсімдіктерді өсіруді үйреніп қана қоймай, еңбекке баулудың алғашқы баспалдақтарынан өтеді.

Мектептің биология пәні мұғалімі Жанат Кенжеванның айтуынша, 2021 жылдан бері білім ордасында «Жасыл-эко» жасақтары табысты жұмыс атқарып келеді.

– Орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінің инспекторларымен бірлесіп, Талдыарал елді мекенінде көшеттер отырғызу шараларына қатысып, тәжірибе алмасып жүр. Бұл бастама оқушылардың экологиялық жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген ынтықын оятады, – дейді ол.

15 сәуір – Экологиялық білім күні. Бұл бір күндік науқан емес, бүкіл қоғамға арналған үндеу. Бүгінгі таңда климаттың өзгеруі, су тапшылығы, орман өрттері сияқты жаһандық экологиялық проблемалар адамзаттың болашағына қауіп төндіріп отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін ғылым мен технология ғана емес, ең алдымен экологиялық сауатты қоғам қажет. Ал ондай қоғам экологиялық білім мен тәрбиеден басталады.

Табиғатты аялау – ұлт болашағына деген қамқорлық. Әр азамат өз үйінен, өз көшесінен бастап тазалықты сақтаса, коқысты сұрыптаса, ағаш ексе, табиғатқа зиян келтірмесе – бұл нағыз экологиялық мәдениет. 15 сәуір – осыны еске салып, әрекетке бастайтын күн. Ендеше, осы күннің рухымен «Таза қоғам – таза табиғаттан басталады» деген ұстанымды өмір салтымызға айналдырайық!



Бетті дайындаған София ТЕМІРБОЛАТ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘБІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС еңбеккерлері басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №635

Немірдің кезекші редакторы Айтолық АЙТЖАҢОВА